

Жараспай мектебінің 50 жылдық тойы аталып өтті

Иә, жарты ғасырлық тарихы бар Жараспай орта мектебінің мерейлі мерейтойын да 7 қараша күні үлкен дайындықпен қарсы алып, атап өттік. Мерейтойға осы мектепте оқып, тәлім-тәрбие алған түлектер, мектепте әр кезеңдерде еңбек еткен ұлағатты ұстаздар, зейнеткер ата-әжелеріміз, аудандық білім беру, дене шынықтыру және спорт бөлімінен келген қадірлі қонақтарымыз қатысты. Салтанатты жиын мектеп ауласында сап түзеп, мемлекеттік Әнұранды орындаумен ашылды. Киелі қара шаңырақтың қабырғасынан үлкен өмір жолына жолдама алып, мектеп аты мен ондағы ұстаздар есімін аудан, қала, облыс, тіпті Республика көлемінде белгілі болып жүрген түлектерді, яғни 1965-1966 жылғы түлектерді биылғы 2013-2014 оқу жылының түлектерімен бірге қошеметпен қарсы алдық. Мектептің ең алғашқы түлектері 50 жылдан кейін аяулы мектебінің табалдырығын аттап, лента кесу рәсіміне ие болды. Биылғы оқу жылында мектеп табалдырығын алғаш рет аттаған бүлдіршіндер өздерінің жылы лебіздерін өлең жолдарымен жеткізді. Ақ жаулықты аналарымыз да тойға арнап тәтті шашуларын шашты. Мектеп төріне беттеген үлкенді-кішілі қонақтарымыз дәліздегі оқушылар көрмесімен танысты. Гүлзада Рақымжанқызы мен Зәуре Ақанқызының жетекшілігімен ұйымдастырылған мектеп оқушыларының көрмесі келген қонақтарды тамсандырмай қоймады. Қазақ халқының қолөнері көздің жауын алып, шығармашылық еңбектерін одан әрі шындай түскендей болды.

“Өткендерді ескерген, Өскендіктің белгісі.

Өткендерді шет көрген,

Өшкендіктің белгісі” демекші, қаншама тарихи жолды басынан кешкен қара шаңыраққа басшылық жасаған ұлағатты ұстаздар, мектеп басшыларымен қоян-қолтық жұмыс істеп, сан мыңдаған балалардың қолына қалам ұстатудан бастап үлкен өмір жолына жолдама беріп, ақ тілек пен ақ жол тілеген қаншама ұлағатты ұстаздардың бүгінде өмірден озғандары бар, оларды ұрпақтары

ұмытпасын деген ниетпен “Қалдырған ізің мәңгілік..” деген атпен шығарылған қабырға газеті де ерекшеленіп, қонақтарға мазмұны мол көрініс ұсынып, жүректерге жылу ұялатты.

Аяулы мектептің 50 жылдығына арналған мектеп ұжымының концерттік бағдарламасы да аса жоғары



дайындықты қажет еткендігінің айғағы болды. Ұстаздар ұжымының орындауындағы «Ұстазым», Атамекен» хоры талайды тамсандырды. Тіпті жиналған қауым орындарынан тұрып, әнге қосылып, қошеметтерін білдірді. Ұстаздар тобы “Маусымжан” биін де асқан шеберлікпен орындады. Мектеп директоры Рақымжанов Жангелді Хазирулы мектеп өміріне тоқталып, мазмұны ауқымды баяндама жасады. Баяндамада 50 жыл ішіндегі жеткен жетістіктер мен алынған асулар, баланы оқытып-тәрбиелеуде аянбай еңбек еткен ұстаздар жайлы тың деректер берілді.

Жараспай орта мектебінің тарихи мерейтойына арнайы құттықтап келген қонақтардың санында шек

болмады. Сахна төріне шығып, өздерінің ыстық лебіздері мен ақ тілектерін айтып, мектепке деген сағыныштарын жасырмады.

Нұра аудандық білім беру, дене шынықтыру және спорт бөлімінің мұғалімдер кәсіподақ ұйымының төрағасы Мәулен Әкіжанұлы, әдістемелік кабинеттің меңгерушісі

Дархан Жанболатұлы, жетекші маман Бейімбет Құрышұлы, кәсіподақ комитетінің бас есепші маманы Қарлығаш апай өздерінің сый-жоралғыларын жасады. Мектеп басшысы Рақымжанов Жангелді Хазирулына, кәсіподақ ұйымының төрайымы Ақмағанбетова Люция Жаңабайқызына, пән мұғалімдері: Балкенова Гүлзада Рақымжанқызына және Тұяқова Алма Қабылдақызына бағалы сыйлықтар мен алғыс хаттар тапсырылды.

“Жараспай” жеке шаруашылық серіктестігінің директоры Қоңырбаев Сейілхан Оспанбайұлы өзінің ізгі ниетін білдіріп, білім ордасына 700000 теңге көлемінде ақшалай көмегін берді. Мерекеге келген зейнеткер ұстаздарға, яғни Роза Әмірқызына және Нақыш Ахмедияқызына 50000 теңге көлемінде өз тарапынан сый табыстады.

Жараспай ауылының әкімі Шұғаев Бағжан Сәкенұлы мектеп-интернатында көп жылдар еңбек еткен зейнеткер аналарды: Тұяқова Бәтеш, Мадкенова Шолпан, Бекбатырова Сайлаубикеге бағалы сыйлықтар және мадақтама қағаздарымен марапаттады.

Кезінде Жараспай мектебінің қабырғасында еңбек еткен ұстаздар қауымы да ақшалай сыйлықтарын тарту етті.

Мерекелік кешіміз ауыл тойханасында жалғасын тапты. Мектебіміздің айтулы мерекесін жоғары деңгейде өткізуіне қолдау көрсеткен ел азаматтарына мектеп ұжымы атынан алғысымыз шексіз. Аяулы мектебіміздің 50 жылдық мерейтойы әрбір азаматтың жүрегінің түкпірінен орын алары сөзсіз.

Жараспай орта мектебі